

## **ЭВРИСТИКАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСІ**

Интерактивті әдістің тағы бір түрі эвристикалық оқыту болып табылады. Бір жағынан проблемалық әдіске ұқсайды, айырмашылығы студенттерге тапсырмалар беріледі. Негізгі өзгешелігі дұрыс шешімдер жоқ, әркім өз шешімін табады. Эвристикалық оқыту көп дәрежеде білімді меңгеруге емес, студенттердің шығармашылық дамуына бағытталған.

Эвристикалық оқыту қазіргі кезде кең тараған инновациялық әдістердің бірі. Эвристикалық әдісті алғаш рет Ежелгі Грецияда Сократ ұсынған. Сократ өз шәкірттеріне сұрақтар қойып, сол арқылы оларды ойлауға және сөйлесуге үйретеді. Оқытудың эвристикалық әдісі біршама уақыт бұрын пайда болғанына қарамастан, ол қазіргі педагогика ғылымында салыстырмалы түрде жақында қолданыла бастады. Сондықтан оның тұжырымдамасының бекітілген түсіндірмесі жоқ.

Эвристикалық әдіс бұл эвристика тұжырымдамасының практикалық бөлігі, ол проблемаларды шешуге, үйренуге немесе ашуға кез-келген тәсіл болып табылады, ол практикалық әдісті қолданады, ол оңтайлы немесе мінсіз екеніне кепілдік бермейді, бірақ жақын арада мақсат қою үшін жеткілікті.

Эвристикалық оқытудың басты ерекшелігі - проблеманы табуға және шешуге мүмкіндік беретін әдістер мен әртүрлі техникалардың жиынтығы. Оңтайлы шешімді табу мүмкін емес немесе мүмкін емес жерлерде эвристиканы қанағаттанарлық шешім табу процесін жылдамдату үшін қолдануға болады.

Бұндай әдіс студенттерден бірқатар эксперименттік есептерді шығаруды талап етеді. Әрбір студент өз алдына жоспар қойып, тәжірибелер, гаджеттер мен кітаптардың көмегімен фактілерді анықтайды. Бұл әдісте студенттер өзін тергеуші ретінде көреді.

Эвристикалық оқыту студенттің білім берудің өзіндік мәнін, мақсаты мен мазмұнын, сонымен қатар оны ұйымдастыру, диагностикалау және түсіну процесін құруға бағытталған.

Эвристикалық оқытудағы білім беру нәтижесін болжау мүмкін емес, әр студент өзінше нәтиже шығарады. Эвристикалық оқыту ашық тапсырмаларға негізделген.

Эвристикалық әдіс арқылы студенттің ақыл-ой жұмысы күшейеді, студент білімді өзінің танымдық іс-әрекеті арқылы алады.

Оқытудың эвристикалық әдісін ұйымдастырудың кең таралған түрлерінің бірі эвристикалық әңгіме болып табылады.

Эвристикалық әдістің әдістеріне: эссе, қолөнер, өзіндік композициялық өнер туындылары және т.б. Оқытудың эвристикалық әдісі аясында ұйымдастырылған іс-әрекеттер студенттердің өзін-өзі жүзеге асыруына, білімі мен қабілетін көрсетуге көмектеседі. Эвристикалық оқыту технологиясы студенттерді оқу пәндерінің материалдарын зерделеуге жетелеп қана қоймай, табысты оқуға ықпал етеді.

Студенттердің біртұтас дамуын ынталандыру үшін олардың мүдделерін мойындау маңызды. Бұл оларға жоғары сапалы оқу тәжірибесін ұсынуға одан әрі ықпал етеді. Оларға қоршаған орта сияқты қызығушылық тудыратын салаларды зерттеуге мүмкіндік беру олардың оқу процесіне қатысу мүмкіндігін арттырады. Студенттерге уақыт пен мүмкіндік беру олардың қызығушылықтарын ашуға және өздері ұнататын салаларда табысқа жету үшін қажетті білім мен дағдыларды дамыту үшін не істегенді ұнататынын анықтауға мүмкіндік береді. Эвристикалық оқыту әдісі проблемаларды шешуге, оқуға және ашуға ықпал ететін тәжірибеге негізделген техниканың тамаша үлгісі.

«Эвристикалық» сөзі грек тілінен шыққан, «табу» немесе «ашу» дегенді білдіреді. Лондондағы Империял колледжінің профессоры Генри Эдвард Армстронг оқытудың эвристикалық әдісінің сенімді жақтаушысы болған.

Профессор Армстронгтың айтуынша, «ғылымды зерттеудің жаны-зерттеу. Студенттер фактілер мен принциптерді өздері зерттеуі керек». Бұл студенттердің ең алдымен зерттеу арқылы оқитынын көрсетеді. Оқытушының міндеті - қателерді дұрыс уақытта түзететін гидтің міндеті. Эксперименттермен жұмыс жасай отырып, студенттер жаңа нәрсені үйренеді. Студенттер бұл әдісте зерттеушілер ретінде жұмыс істейді. Бастапқыда олар эксперимент туралы білмейді. Қажетті ақпарат пен принциптерді алу үшін ол бірнеше эксперименттер жүргізуі керек.

Эвристикалық әдісте оқытушы бір уақытта жетекші және бірлескен автор ретінде әрекет етеді. Олар аудиториядағы атмосфераның еркін болуын және студенттерге жүктелген жұмыстың өзін-өзі дамытуға, стихиялылыққа және өзін-өзі көрсетуге ықпал етуін қамтамасыз етуі тиіс.

Мысал келтіретін болсақ, қазір сабақ өту барысында немесе лекция оқу барысында оқытушылар тек оқып қана қоймай, сонымен қатар студенттерге сұрақ қойып кері байланыс орнатып жатады. Осыны эвристикалық әдіс дейді. Демек, тек студентке білім беріп қана қоймай, одан ол ақпаратты сіңіре алды ма, түсінді ме соны анықтау керек. Анықтаудың басты бір әдісі сұрақ қойып білімін тексеру.

Айталық, оқытушы студенттерге «тұсау кесу» тақырыбында көрініс қою жөнінде тапсырма береді. Студент осы тақырыпты зерттеп, оған қызығушылық туғызуының эвристикалық әдіске жатады.

Сабақ жүргізу барысында оқытушы студенттің қызығушылығын оятып, ізденуге күш берді. Соның әсерінен студентте білуге деген талпыныс оянды.

Мысалы: Студенттерге ашық тапсырмалар беріледі: роботты құрастыру, бизнес-идея ойлап табу және жарнама тұжырымдамасын әзірлеу деген тақырыптарда. Бұл тапсырмаларды орындау барысында әр студент өз бетінше жаңалық ашады. Әрине, эвристикалық оқыту жалғыз білім беру әдісі болмауы мүмкін, бірақ ол классикалық педагогикалық тәсілдерге өте жақсы оқыту әдістерінің бірі.

Осы әдіспен оқыту барысында топтағы әр студентке жеке тапсырма беріледі. Мысалы: «Астанадағы мәдени мекемелерге саяхат». Әр мекемеге саяхат негізінде презентация немесе реферат жазады.

### **Талқылауға арналған сұрақтар?**

1. Эвристикалық әдісте проблемалардың дұрыс шешімі болады ма? Қалай ойлайсыз?
2. Сіздің ойыңызша, эвристикалық әдістің маңызы және рөлі қандай?